

Телекоммуникациялар саласындағы кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 17 шілдедегі № 215/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 14 шілдеде № 23506 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес телекоммуникациялар саласындағы кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2021 жылғы 17 маусымдағы
№ 215/НҚ Бұйрыққа қосымша

1. "Кәбілдік кәрізді пайдалануға беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 120 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13328 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кәбілдік кәрізді пайдалануға беру қағидаларында :

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. 1. Жалпы ережелер";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кәбілдік кәрізді пайдалануға беру бойынша қызметтер Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 29 шілдедегі № 180/НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19118 болып тіркелген) Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына сәйкес кәбілдік кәрізді жалға алушылардың барлық санаттарына тең жағдайда көрсетіледі.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Кәбілдік кәрізді пайдалануға беру тәртібі".

2. "Телекоммуникациялар мен пошта байланысының қызметтері саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің кірістерді, шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 121 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13330 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Телекоммуникациялар мен пошта байланысының қызметтері саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің кірістерді, шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алуды жүргізу қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бөлек есепке алу бухгалтерлік және басқарушылық есеп жүргізу үшін пайдаланылатын бастапқы құжаттарға негізделген, олар осы Қағидаларға сәйкес қызметтердің түрлері бойынша кірістерді, шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді бөлу үшін нақтылаудың қажетті деңгейімен қамтамасыз етіледі. Осы Қағидалар "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес белгілі бір қаржылық есептілікті және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің

208-бабына сәйкес телекоммуникациялар байланысы қызметінің және пошта байланысының әмбебап қызметтері операторларының салық есептілігін ұсыну тәртібі мен нысанына қолданылмайды.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Кірістерді, шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алудың негізгі қағидаттары";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Телекоммуникация саласындағы кірістерді, шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді бөлу";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Телекоммуникация саласындағы қызметтердің түрлері бойынша шығындарды бастапқы бөлек есепке алу тәртібі";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Пошта байланысының қызметтері саласындағы кірістерді, шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді бөлу";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Негізгі бөлу базаларын қалыптастыру тәртібі";

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Телекоммуникация және пошта байланысының қызметтерін көрсететін байланыс операторының қызметтерінен кірістерді бөлек есепке алуды жүргізу тәртібі";

8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тарау. Реттелетін қызметтердің түрлері бойынша кірістер, шығындар және қолданысқа енгізілген активтер туралы есептер, бөлек есепке алу деректері мен бухгалтерлік есеп деректері арасындағы өзара байланыс".

3. "Байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектілері өндіретін және өткізетін көрсетілетін қызметтерге бағаларды реттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 24 қазандағы № 221 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14464 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектілері өндіретін және өткізетін көрсетілетін қызметтерге бағаларды реттеу қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 90-6-бабының 29) тармақшасына сәйкес монополияға қарсы орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес субъекті өткізетін қызметтердің бағаларына сараптама жүргізеді."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК